



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

ҚАЛДЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ: ҚАЗАҚСТАНДА «CYCLELAB: БОЛАШАҚ ЭКОЛОГИЯСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Астанада «CYCLELAB: Болашақ экологиясы» студенттік жобалар байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Байқауды Қазақстанның қайта өңдеушілер қауымдастығы мен «Жасыл даму» АҚ ұйымдастырып, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Тұрақты даму орталығымен бірлесіп өткізді. Іс-шара «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жүзеге асырылды. Бас демеуші - Банк ЦентрКредит. Салтанатты жиынның құрметті қонағы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Шияпович Алиев болды.

Байқауға Астана қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстарынан 16-30 жас аралығындағы колледж және жоғары оқу орындарының студенттері қатысты. Қатысушылар алты негізгі бағыт бойынша жобаларын ұсынды:

- қалдықтарды қайта өңдеу технологиялары;
- бөлек жинау шешімдері;
- ақылды сұрыптау жүйелері;
- экологиялық қаптама дизайны;
- есеп пен логистикаға арналған цифрлық құралдар;

• экологиялық ағартушылық бастамалар. Іріктеу қорытындысы бойынша финалға үздік командалар өтіп, қалдықтарды басқару саласындағы инновациялық әрі тәжірибеге бағытталған шешімдерін таныстырды. Байқаудың жалпы жүлде қоры 3 700 000 теңгені құрады.

Жеңімпаздар:
1 орын (1 500 000 теңге) «ReLife» жобасы - Астана медицина университетінің командасы: Диас Егимбаев және Абылай Күмісбек. Бұл жоба медициналық пластик қалдықтарды құрылыс материалдарына айналдыруға бағытталған ESG-инициатива. Ол медициналық қалдықтардың көбеюі мен оларды қымбат әрі экологияға зиянды жою мәселесін шешеді. Жоба жабық циклді жүйе ұсынады: аурухана → қайта өңдеу → құрылыс материалдары → ауруханаларды абаттандыру.

2 орын (600 000 теңге) «DualValue Carbon» жобасы - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенті Сүлеймен Бақытов. ПЭТ-пластикті натрий-селен аккумуляторларына арналған көміртекті материалға айналдыру технологиясы. Бұл жоба пластик қалдықтарды энергия сақтау саласында

тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

2 орын (600 000 теңге) «EcoKids» жобасы - Назарбаев Университетінің студенті Жасұлан Төлеубеков. Балаларға арналған экологиялық білім беру платформасы. Ол мультфильмдер, бейне және подкасттар арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған.

3 орын (500 000 теңге) «Coil Soil» жобасы - Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің командасы: Юлия Куликова және Виолетта Гапич.

Жоба күл мен өсімдік қалдықтарын органоминералды компостқа айналдырып, топырақты жақсартуға мүмкіндік береді.

3 орын (500 000 теңге) «QarEnergy» жобасы - ЕҰУ командасы: Самира Ахметова, Айдана Ақпарова, Гүлназ Ыдырыс. Қар мен қоршаған орта арасындағы температура айырмашылығын пайдаланып электр энергиясын өндіру жүйесі.

«Бүгін біз Қазақстан жастарының экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысып, нақты әрі технологиялық шешімдер ұсынып жатқанын көріп отырмыз. Мұндай бастамалар экологиялық ойлауды қалыптастырып, еліміздің жасыл экономикасының негізін қалайды», - деді «Жасыл даму» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Қабдолданов.

«CYCLELAB: Болашақ экологиясы» байқауы жас таланттарды анықтап, қолдауға арналған маңызды алаңға айналды. Ұсынылған жобалар болашақта нақты іске асырылатын шешімдерге айналу әлеуетіне ие.

«Жасыл даму» АҚ серіктестерімен бірге осындай бастамаларды жалғастырып, қатысушылар географиясын кеңейтуді, сондай-ақ білім беру ұйымдары мен бизнес арасындағы байланысты нығайтуды жоспарлап отыр.

Негізгі мақсат - экологиялық жауапты қоғам қалыптастыру және Қазақстанның тұрақты болашағына бағытталған инновацияларды қолдау.

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
Министрлігі, www.gov.kz материалдар бойынша, фото www.gov.kz.

12+ №14(539)
22 сәуір
апреля 2026
april
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ДЕСЯТЬ ОБЪЕКТОВ ВИЭ ВВЕДУТ В ЭТОМ ГОДУ В КАЗАХСТАНЕ



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕРАБОТКИ ПЛОДООВОЩНОЙ ПРОДУКЦИИ РАЗРАБОТАНА В КАЗАХСТАНЕ



ЧИТАЙТЕ НА 3-Й СТРАНИЦЕ

БОЛЕЕ 526 КМ ИРРИГАЦИОННЫХ КАНАЛОВ В КАЗАХСТАНЕ ПОДГОТОВИЛИ К ПОЛИВНОМУ ПЕРИОДУ



ЧИТАЙТЕ НА 4-Й СТРАНИЦЕ

КАЗАХСТАНСКИЕ УЧЕНЫЕ ПРЕДСТАВИЛИ СИСТЕМУ МОНИТОРИНГА ГОРОДСКОЙ ЭКОЛОГИИ

Казахстанские ученые реализуют проект по разработке системы экологического мониторинга городской среды, передает Kazinform со ссылкой на Министерство науки и высшего образования.

Международный опыт показывает, что использование беспилотных летательных аппаратов позволяет оперативно контролировать экологическую ситуацию и принимать эффективные управленческие решения. В этой связи на базе Satbayev University реализуется проект по разработке системы экологического мониторинга городской среды.

Основная цель проекта - формирование цифровой инфраструктуры для постоянного контроля экологической обстановки в городской среде и снижение рисков для здоровья населения. В рамках проекта разрабатывается комплекс, включающий функции по выявлению источников загрязнения воздуха и воды, анализу состава загрязняющих веществ, измерению уровня шума, оценке транспортной нагрузки, определению зон с повышенными тепловыми потерями и картированию экологических данных.

Ключевая особенность проекта заключается в разработке комплексного

решения, состоящего из двух основных продуктов. Первый продукт - беспилотный летательный аппарат, который приближается к источникам загрязнения,



проводит измерения и в режиме реального времени передает полученные данные в уполномоченные органы. Второй продукт - цифровая карта, позволяющая комплексно оценивать экологическое состояние города, рассчитывать среднегодные показатели и прогнозировать риски для здоровья населения на ближайшие пять лет.

По словам руководителя IT-разработки проекта Глеба Краснова, разработка ведется на базе научной лаборатории под руководством Рауила Мухамедиева. Цифровая карта основана на технологиях искусственного интеллекта и позволяет восполнять данные в зонах отсутствия датчиков за счет моделирования, обеспечивая комплексную оценку экологической ситуации в городе.

Кроме того, в рамках проекта ведется разработка программных решений для обработки, классификации и картирования экологических данных, а также подготовка квалифицированных специалистов в данной области.

По материалам Д.Калманбаевой, inform.kz, фото: Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан.

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ Кызылорда	Ср., 22 апреля 2026	Чт., 23 апреля 2026	Пт., 24 апреля 2026	Сб., 25 апреля 2026	Вс., 26 апреля 2026	Пн., 27 апреля 2026	Вт., 28 апреля 2026
Источник: gismeteo.kz	Облачно +27°C	Малооблачно +25°C	Ясно +29°C	Облачно +31°C	Малооблачно +31°C	Малооблачно +29°C	Малооблачно +28°C
Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.	Облачно +17°C 75 м/с ЮЗ 67% влажн. 744 мм рт.ст.	Малооблачно +14°C 3 м/с С 77% влажн. 749 мм рт.ст.	Ясно +15°C 4 м/с Ю 72% влажн. 750 мм рт.ст.	Облачно +16°C 5 м/с Ю 58% влажн. 749 мм рт.ст.	Малооблачно +20°C 3 м/с ЮЗ 48% влажн. 749 мм рт.ст.	Облачно +16°C 6 м/с В 58% влажн. 749 мм рт.ст.	Малооблачно +15°C 4 м/с З 64% влажн. 748 мм рт.ст.

КАПЕЛЬНОЕ ОРОШЕНИЕ ВНЕДРЕНО НА 165,8 ТЫСЯЧИ ГА В РК: УРОЖАЙНОСТЬ ВЫРОСЛА ВДВОЕ



Казахстанские аграрии активно внедряют три вида водосберегающих технологий, передает Kazinform со ссылкой на Министерство водных ресурсов и ирригации.

Лазерное планирование полей внедрено на 62,6 тыс. га. Поверхность поля выравнивается с точностью до сантиметра с помощью лазерного оборудования, что обеспечивает равномерное распределение воды по всему полю и исключает ее застой и потери. Технология наиболее эффективна при поверхностном поливе и широко применяется в рисоводческих хозяйствах Кызылординской области. Лазерная планировка позволяет сократить расход воды как минимум на 20%.

Капельное орошение внедрено на 165,8 тыс. га. Вода подается точно - непосредственно к корневой системе растений, что обеспечивает эффективность орошения. Технология особенно востребована в Туркестанской области, где ее применяют для выращивания хлопка, овощей и садовых культур, а также в Алматинской и Жамбылской областях - при возделывании картофеля, овощей, бахчевых и многолетних насаждений. Данный метод позволяет экономить порядка 30% поливной воды и увеличивать урожайность в 1,5-2 раза.

Дождевальное орошение - 315,1 тыс. га. Наиболее распространенный метод в Казахстане. Вода под давлением подается через систему трубопроводов и распыляется над полем, равномерно увлажняя посевы. Технология широко применяется в Акмолинской, Северо-Казахстанской, Костанайской и Павлодарской областях - прежде всего для орошения кукурузы, зерновых и кормовых культур.

В северных регионах дождевальные установки активно используются для орошения кормовых культур, что позволяет многократно увеличить объем кормовой базы для животноводства.

В рамках выполнения поручения Главы государства по внедрению водосберегающих технологий, государство увеличило возмещение затрат фермеров с 50% до 80%. Теперь господдержка покрывает часть расходов на инфраструктуру для забора воды, а также на покупку и установку систем полива. В течение последних двух лет принятые меры позволили добиться ежегодного увеличения площадей применения водосберегающих технологий порядка на 150 тыс. га. По итогам 2025 года площади, охваченные водосберегающими технологиями, составили 543,5 тыс. га.

По материалам Д.Калманбаевой, inform.kz,
фото: Министерство водных ресурсов и ирригации.

Можно ли совмещать ИП на упрощенке и самозанятость, чтобы платить меньше налогов? Предприниматели часто ищут способы оптимизировать налоги. Один из популярных вопросов: «А можно часть дохода проводить через ИП на упрощенке, а часть - как самозанятой?»

Разбираемся. Что изменилось с 1 января 2026 года?

Новый Налоговый кодекс РК оставляет всего 3 спецрежима:

- для самозанятых;
- на основе упрощенной декларации;
- для крестьянских/фермерских хозяйств (КФХ).

Совмещать режимы можно только КФХ. Совмещать ИП и самозанятость - нельзя. Если вы уже зарегистрированы как ИП, вы не можете одновременно быть самозанятым, даже если виды деятельности разные.

Весь доход отражается как доход ИП и включается в форму 910.00.

Что говорит НК? Новый НК РК не предусматривает совмещение самозанятости с другим налоговым режимом.

Исключение - только КФХ, у которых отдельный порядок.

Вывод простой: Если вы ИП - значит весь доход проходит через ИП.

Разделить его на «ИП + самозанятой» не получится.

Департамент государственных
доходов по Кызылординской области.

С 2026 года сертификат налогового резидентства внутри РК не нужен. С 1 января 2026 года вступили в силу изменения в Налоговый кодекс. Теперь сертификат налогового резидентства выдается только для использования за пределами Казахстана.

Для применения внутри страны такой документ больше не требуется.

Кто теперь определяет статус резидента?

Статус определяет налоговый агент (работодатель) самостоятельно - на основании статьи 222 Налогового кодекса.

Физическое лицо признается резидентом РК, если:

- находится в Казахстане не менее 183 дней в течение 12 месяцев или
- центр жизненных интересов находится в РК (гражданство/ВНЖ + семья + жилье в РК).

Что с налоговыми вычетами? С 2026 года действует:

- базовый налоговый вычет - 30 МРП в месяц (но не более 360 МРП в год).

И самое главное -


- для применения стандартных налоговых вычетов сертификат резидентства не требуется.

Итог. С 2026 года:

- подтверждать резидентство внутри страны не нужно;
- статус определяет работодатель;
- вычеты применяются без дополнительного документа.

Департамент государственных
доходов по Кызылординской области.

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Көкжөтел - бұл көбінесе балаларда байқалатын және белгілі бір клиникалық көрінісі мен белгілері бар инфекциялық ауру. Көкжөтелдің ерекшелігі - тыныс алу функциясының бұзылуы және аурудың дамуы кезінде тыныс алу жолдарының шырышты қабақтарының зақымдануы.

Жіп асқынулар екі жасқа дейінгі балалар мен қарт адамдарға анағұрлым тән. Алайда, кез келген жаста ауру әл-ауқатты едәуір нашарлауы мүмкін, сондықтан көкжөтел белгілері мен

инфекцияны жұқтырудың алдын алу әдістерін білу маңызды.

Көкжөтелдің белгілері жоғары тыныс жолдарының бактериялық инфекциясына ұқсас:

- дене қызуының +38°C-қа дейін көтерілуі, қалтырау;
- әлсіздік, бұлшықеттердің «сырқырауы», бас ауруы;
- мұрын жолдарынан ағу, мұрынның бітелуі, құрғақ жөтел, шырышты қабықтың ісінуі.

Қоздырғыштың берілуі инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа-тамшылы жолмен жүғады. Ауру адам аурудың айқын сатысы басталғаннан кейін 30 күн ішінде алғашқы патологиялық көріністерден инфекцияны тарата алады. Жөтелдің қарқындылығы сияқты белгі биологиялық сұйықтықтағы (сілекей, шырышты қақырық) қоздырғыштың таралу дәрежесімен байланысты.

Көкжөтелге қарсы негізгі алдын алу шарасы вакциналау болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға екпе егу бір мезгілде тиісінше 5-6 аурудан: дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден, полиомиелиттен, В типті гемофильді инфекциядан және В гепатитінен қорғайтын құрамында АБКДС бар бес және алты компонентті құрама вакциналарды қолдана отырып жүргізіледі. Көкжөтелден барынша қорғау үшін балаларға 5 екпе алу қажет, оның ішінде 2 айдан бастап 1 ай аралығымен 3 екпе, содан кейін бірінші ревакцинация бір жарым жаста, екінші ревакцинация 6 жаста жүргізіледі.

Балаңызды иммундауды кешіктірмеңіз! Оның денсаулығы - сіздің қолыңызда!

Жаңақорған аудандық СЭББ,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ЛИСТЕРИОЗ

Листерия (Listeria monocytobenes-s) - әр түрлі жолымен жұғатын мононуклеарлы фагоциттердің зақымдануымен жүретін, жедел түрде қызбамен, жалпы интоксикациямен өтетін ангиозды, септикалық, жүйелік түрлерінде өтетін зоонозды инфекция. Қоздырғышы листерия- Vertae monocytodens, 1911 жылы ашылған, таяқша тәрізді ширақталған қозғалмалы бактериялар. Әлсіз қышқылды ортада жақсы өседі. Төменгі температураға төзімді, қайнатқан кезде 3-5 минут ішінде жойылады. Топырақта, лайланған суда бірнеше жылға дейін сақталады. Сүт, ет тағамдарында 4-6 градуста да жойылмайды, керісінше көбейеді. Көкөністердің ластануы топырақ арқылы немесе қонды тыңайтқыш ретінде пайдалану арқылы пайда болуы мүмкін.

Листерия табиғи ошақты зоонозды инфекция. Қоздырғыштың резервуары болып кемірушілер болып табылады (тышқандар, егеу құйрықтар, қояндар). Жұғу жолдары алиментарлы жануарлардың өнімдерін қолданғанда, трансмиссивті жолмен кене және басқада қан сорғыштар арқылы, аэрогенді жолмен де жұғылады. Жыныстық қатынас арқылы адамнан-адамға жүғады, кей кезде анадан балаға жатыр ішілік жұғуы мүмкін. Инкубациялық кезеңі 3-4-5 күнге дейін.

Жалпы клиникалық белгілері: диарея, қызба, бас ауруы, миалгия (бұлшық ет ауруы) көздің қызаруы, көз көруінің төмендеуі, құлақ асты лимфа түйіндерінің үлкеюі және ауырсынуы байқалады.

Катаральды сиптомдар айқын көрінеді. Сепсистің пайда болуына әкеп соғады. Бұл кезеңде дене қызуы көтеріліп 36-39C 15-20 күнге дейін сақталады. Науқастың бетінде гиперемия байқалады, конъюнктивит байқалады. Мойын лимфа түйіндері үлкейеді, бауыр және көкбауыр аздап үлкейеді. Теріде полиморфты бөртпелер байқалады.

Жүйкелік формасы: листериозда менингит, менингоэнцефалит, энцефалит, ми абсцесі, перифериялық жүйкесі жүйесі зақымдалады. Ауру жедел басталады, бас ауруы, қайталамалы құсу, естің бұзылуы, сандырақ, бұлшық еттердің тартылуы байқалады.

ҚЫЗЫЛША АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Қызылша - өте жұқпалы вирустық инфекциялық аурудың бірі. Бұл ауру көбіне балалар арасында кездескеннен, екпе алмаған ересектер де қызылшамен ауыруы мүмкін. Қызылша адамнан адамға ауа-тамшы жолы арқылы тарайды, яғни жөтелу, түшкіру немесе науқас адаммен жақын қарым-қатынаста болу арқылы жүғады. Сондықтан оның алдын алу шараларын сақтау қоғам денсаулығын қорғауда ерекше маңызға ие.

Қызылшаның негізгі белгілеріне дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, жөтел, мұрыннан су ағу, көздің қызарып жасауауы жатады. Аурудың 3-5 күні шамасында денеде қызыл бөртпелер пайда болады. Бөртпе әдетте алдымен бет пен мойыннан басталып, кейін бүкіл денеге таралады. Кей жағдайларда қызылша ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін.

Мәселен, өкпе қабынуы, құлақ қабынуы, энцефалит сияқты асқынулар денсаулыққа елеулі қауіп төндіреді.

Қызылшаның алдын алудың ең тиімді әрі сенімді жолы - вакцинация. Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балаларға қызылшаға қарсы екпе екі рет салынады: алғашқысы 1 жасында, ал екіншісі 6 жасында жүргізіледі. Вакцина адамның иммунитетін күшейтіп, аурудың таралуын төмендетуге мүмкіндік береді. Екпе алған адамдарда қызылшамен ауыру қаупі айтарлықтай азаяды.

Сонымен қатар, аурудың алдын алу үшін жеке бас гигиенасын сақтау маңызды. Қолды жиі жуу, бөлме-лерді желдету, адамдар көп жиналатын орындарда санитариялық талаптарды сақтау инфекцияның таралу қаупін төмендетеді. Егер адамда қызылшаға ұқсас белгілер байқалса, өздігінен емделмей, міндетті түрде медициналық мекемеге жүгіну қажет. Науқас адамдармен байланыста болған жағдайда да дәрігер кеңесіне жүгінген дұрыс.

Қорыта айтқанда, қызылша - алдын алуға болатын ауру. Уақытылы вакцина алу, санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау және ауру белгілері байқалған кезде дәрігерге дер кезінде қаралу арқылы бұл инфекцияның таралуын азайтуға болады. Қоғамдық денсаулықты сақтау - әрбір азаматтың жауапкершілігі екенін ұмытпаған жөн.

А. ИДРИСОВА,
Қармақшы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ДЕСЯТЬ ОБЪЕКТОВ ВИЭ ВВЕДУТ В ЭТОМ ГОДУ В КАЗАХСТАНЕ

В Казахстане в 2026 году планируется ввести 10 объектов возобновляемой энергетики общей мощностью около 245 МВт. Об этом сообщил министр энергетики Ерлан Аккенженов на заседании Правительства, передает корреспондент агентства Kazinform.

По словам министра, в целом с начала года в стране выработано 33,7 млрд. кВтч электроэнергии или 100,6% к факту 2025 года. Прогноз на 2026 год - 126,5 млрд. кВтч.

Для снижения дефицита электроэнергии в 2026 году планируется ввести порядка 2,4 ГВт энергомощностей, это:

1. ПГУ в Туркестанской области - 1000 МВт;
2. ПГУ в г. Алматы на площадке ТЭЦ-2 - 557 МВт;
3. ПГУ в г. Алматы на площадке ТЭЦ-3 - 544 МВт;
4. ПГУ в Кызылординской области - 240 МВт;
5. ТОО «Атырауская ТЭЦ» ввод турбоагрегата № 11 и установка котла № 15 мощностью - 59,6 МВт;
6. ТОО «Текелійский энергокомплекс», ввод трех котлов-утилизаторов и паровой турбины с генератором мощностью - 17 МВт.

Вместе с тем, выработка электроэнергии от объектов ВИЭ с начала года составила 2,3 млрд. кВтч или 115% к аналогичному периоду прошлого года. Прогноз на 2026 год



- 8,8 млрд. кВтч.

- В текущем году планируется ввод четырех объектов ветроэнергетики, пяти объектов солнечной энергетики и одного объекта гидроэнергетики, общая мощность которых составит порядка 245 МВт, - сообщил Аккенженов.

По материалам Д.Искаковой,
inform.kz, фото: Pexels.

ЕКПЕНІҢ АДАМ АҒЗАСЫНА МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Екпе (Вакцина) - микроорганизмдерден (бактерия, вирус, т.б.) алынып, адам мен жануарлар организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар. Екпені, барлық техникалық ережелерді білетін, жоғары және орта медициналық білімі бар, арнайы оқытылған медициналық қызметкер енгізеді.



Екпе не үшін керек? Мәселен, иммундаудың арқасында бұрын он мыңдаған бала мен ересектің денсаулығына орны толмас зардап келтірген, тіпті өлімге әкелген кейбір аурулар табиғи шешек, полиомиелит толығымен жойылды. Полиомиелит балалардың сап болып қалу қаупін тудырған болса, шешек адамдардың бет пішінін бұзды, кейде адамдардан шешектен көз жұмып жатты.

Сондай-ақ екпе дифтерия, сіреспе, қызылша, қызамықтың асқынатынын (сінгіу, тұншығу, пневмония, қызамықпен ауырған анадан туылған баланың туа пайда болған кемтарлығы және т.б.) алдын алуға мүмкіндік берді. Соның арқасында адамдар жұқпалы аурудың қаншалықты ауыр дәрежеде өтетінін ұмытты. Оған қоса, сатылы егудің арқасында гепатиттің «А» және «В» вирусты түрлері азайып отыр.

Халыққа Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес және профилактикалық алдын алу мақсатында жұқпалы аурулардың 21 түріне қарсы егу ақысыз жүргізіледі.

Екпенің жоспарлы және профилактикалық мақсатта салынатын түрлері бар. ҚР Үкіметінің «Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын бекіту туралы» Қаулысы негізінде Ұлттық егу күнтізбесі бекітілген. Осы Ұлттық күнтізбеге сәйкес, саби туылғаннан бастап өмір бойына жоспарлы екпе салынады.

Перзентханада дүниеге келгеннен 12 сағат ішінде вирусты

гепатит В ауруына қарсы, одан соң 3-4 күн ішінде туберкулезге қарсы екпе салынады.

Одан әрі Ұлттық күнтізбеге сәйкес, 2, 3, 4 айлығында, 1 жасында, 18 айында және 6 жасында, содан кейін 16 жасында және әр 10 жыл сайын екпе салынып отырады. Әр бір екпенің салынатын өз уақыты, интервалы бар. Мәселен, баланың 2, 4 айлығында - тексаксим екпесі салынады, яғни құрамында 6 түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакцина бар. Бұлар көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, вирустық В гепатитіне, гемофильді инфекцияға қарсы және әлсіздендірілген полиомиелитке қарсы вакцина. Сонымен қоса пневмококк инфекциясына қарсы вакцина егіледі. 3 айында және 18 айында пентаксим вакцинасы салынады. Оның ішінде көкжөтелге, дифтерия, сіреспе, гемофильді инфекция және әлсіздендірілген полиомиелитке (сал ауруы) қарсы вакцина бар.

1 жасында - қызылша, қызамық, паротитке қарсы (шошқа мойын), пневмококк инфекциясы мен полиомиелитке қарсы вакцина алады.

6 жасында (мектепке барарда) - қызылша, қызамық, паротитке қарсы және жасушасыз көкжөтел компонентімен көкжөтелге, сіреспе, дифтерияға қарсы екпелерді алады.

16 жаста және әр 10 жыл сайын - дифтерияға, сіреспеге қарсы екпені алады.

Он жыл сайынғы екпе туралы тұрғындарға хабар беріліп тұрады. Оларды жасы келгенде екпе алу үшін учаскелік дәрігерлер емханаға шақырады.

Бұйрық бойынша профилактикалық егу жүргізудің алдында дәрігер егілетін адамды медициналық тексеріп (дене температурасын өлшейді, өкпесін тындайды, қан қысымын өлшейді, тамағын қарайды) қарап, сұрау жүргізеді. Егілетін адамның медициналық картасына талдау жасалады. Медициналық тексеру кезінде денсаулығында ақау анықталған жағдайда толық медициналық тексеруге жіберіледі. Тексеруде екпені салуға қарсы көрсетілім болмаса, егілетін адамның медициналық құжатына егу жүргізуге рұқсатты ресімдеп, егілетін адамға немесе оның ата-анасына (заңды өкіліне) профилактикалық егу, иммундаудан кейінгі ықтимал реакциялар және қолайсыз көрсеткіштер, егуден бас тарту салдары туралы объективті толық ақпарат беріледі. Осы бұйрық бойынша профилактикалық егуге ерікті келісім немесе бас тарту жазабына түрде ресімделеді. Екпе салынған адам 30 минут бойы медицина қызметкерінің бақылауында болуы тиіс.

Құрметті ата-аналар! Балаларыңыздың екпе күнтізбесін тексеріңіздер. Егер вакцина алмаған болса, медициналық ұйымдарға жүгініңіздер. Бүгін қабылданған дұрыс шешім - ертеңгі қауіптің алдын алады. Вакцинация - таңдаудың емес, жауапкершіліктің мәселесі. Баланың қауіпсіздігі - Сіздің шешіміңізге байланысты. Денсаулық - ең үлкен байлық. Өз өміріміз бен ұрпағымыздың болашағын бірге қорғауға шақырамын.

Г.ТУСМАҒАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық СЭББ бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлық - кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ең өзекті мәселелердің бірі. Ол экономиканың өсуін тежеп қана қоймай, қоғамдағы әділдік пен сенімге нұқсан келтіреді.

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі түрде жүргізілуде. Заңнамалар жетілдіріліп, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен айқындығы артып келеді. Әсіресе, цифрландырудың дамуы мемлекеттік қызметтерді алу барысында адам факторын азайтып, жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етуде.

Сонымен қатар, қызметкерлер арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Әрбір маман өз қызметіне адал қарап, халық алдындағы жауапкершілігін сезінуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды бағыттарының бірі - құқықтық мәдениетті қалыптастыру. Әрбір азамат өз құқықтары мен міндеттерін біліп, заң талаптарын сақтауы тиіс. Жастарға адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды сіңіру - болашақта жемқорлықсыз қоғам құрудың негізі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Азаматтар тарапынан да заң талаптарын сақтау, заңсыз әрекеттерге жол бермеу маңызды. Егер қандай да бір құқықбұзушылық фактілері анықталған жағдайда, тиісті органдарға хабарлау - әрбір азаматтың азаматтық борышы.

Ш.АЙДАРОВА,
Жаңақорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы.

70 НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБРАБОТАЮТ ПРОТИВ КЛЕЩЕЙ

В Кызылординской области начались весенние работы по обеззараживанию территорий против клещей.

Кампания пройдет в два этапа в мае-июне. Кызылординский регион расположен в природном очаге конго-крымской геморрагической лихорадки. По информации областного департамента санитарно-эпидемиологического контроля, с начала года здесь активно проводятся санитарно-профилактические и подготовительные мероприятия.

Согласно постановлению акимата области, на учет взят перечень из 74 населенных пунктов, подлежащих обработке против клещей. Для сравнения, в прошлом году число неблагополучных населенных пунктов составляло 111.

Наибольшее количество территорий, подлежащих обработке, зарегистрировано в Аральском, Жанакорганском и Шиелийском районах.

- Если обработкой животных, скотных дворов, водопоев и загонов занимаются подрядные организации, то бригады, сформированные из специалистов областного филиала Национального центра экспертизы, обеспечивают создание санитарно-защитной зоны вокруг населенных пунктов. Перед началом весеннего эпидемиологического сезона с целью определения эндемичности территории и контроля циркуляции возбудителя сформирована специальная передвижная зоолого-паразитологическая группа, которая осуществляет сбор клещей для лабораторных исследований. В текущем году за три месяца в ходе разведывательных мероприятий собрано 6656 клещей. Из них 3904 - в природной среде, 1624 - с животных, 1128 - в населенных пунктах, после чего они направлены на исследование. С начала года за медицинской помощью по поводу укусов клещей обратились 21 человек, все они взяты под медицинское наблюдение сроком на



14 дней. Случай конго-крымской геморрагической лихорадки не зарегистрированы, - сообщила руководитель департамента Гульмира Сыздыкова.

В преддверии эпидемиологического сезона представители департамента призвали жителей, в связи с потеплением погоды, соблюдать меры предосторожности от клещей при выезде на природу, занятиях земледелием и животноводством, рыбалке, а также при выполнении работ в полевых условиях.

По материалам inform.kz,
Kyzylorda-news.kz, фото: freepik.com.

НОВАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПЕРЕРАБОТКИ ПЛОДООВОЩНОЙ ПРОДУКЦИИ РАЗРАБОТАНА В КАЗАХСТАНЕ

Ученые Казахского научно-исследовательского института перерабатывающей и пищевой промышленности разработали технологию производства натуральных соков прямого отжима, джемов и пюре с повышенными функциональными свойствами, передает Kazinfo со ссылкой на Министерство сельского хозяйства.

Разработка может существенно изменить ситуацию на рынке переработки плодоовощной продукции в Казахстане. При ежегодном объеме производства около 3,5 млн тонн промышленной переработке подвергается лишь порядка 5% урожая, тогда как потери при хранении превышают 30%. В результате доля импортной консервированной продукции достигает 80-85%.

Основная задача проекта - создание отечественных функциональных продуктов и внедрение ресурсосберегающих, малоотходных технологий переработки.

Ключевой особенностью разработки стало создание купажированных рецептов на основе соков свеклы, моркови и яблок с добавлением природного пребиотика - пектина.



Технология обеспечивает глубокую переработку местного сырья с сохранением его биологической ценности, включая антиоксиданты, витамины и пищевые волокна.

Оптимизация процессов термообработки и гомогенизации позволила снизить технологические потери и повысить качество продукции. Полученные продукты обладают профилактическими свойствами и могут быть востребованы в рационе людей с сердечно-сосудистыми заболеваниями и нарушениями обмена веществ.

В рамках проекта ученые опубликовали результаты исследований в международных научных изданиях и получили патент на технологию производства и метод получения пектина.

Ожидается, что внедрение технологии на предприятиях АПК, особенно в южных регионах страны, позволит существенно сократить импортозависимость и занять растущую нишу рынка продуктов здорового питания.

По материалам Д.Калманбаевой,
inform.kz, фото: MCX РК.

БОЛЕЕ 26,87 ТРЛН ТЕНГЕ НАКОПИЛИ НА ПЕНСИОННЫХ СЧЕТАХ КАЗАХСТАНЦЫ

Объем пенсионных накоплений казахстанцев на 1 марта 2026 г. превысил 26,87 трлн тенге, увеличившись за 12 месяцев более чем на 4,19 трлн тенге или на 18,5%.

Пенсионные накопления за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) на 1 марта 2026 года составили 25,23 трлн тенге. Их прирост за год составил 3,35 трлн тенге (или 15,3%).

Сумма пенсионных накоплений за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) составила 746,91 млрд тенге, показав рост за 12 месяцев на 14,8%.

Значительный годовой прирост показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ) - на 24%, на 1 марта 2026 г. их объем составил 10,09 млрд тенге.

Увеличивается и сумма накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей). По состоянию на 1 марта 2026 года она составила 879,18 млрд тенге, увеличившись по сравнению с аналогичным периодом прошлого года составил в 2,8 раза.

Поступления.
Общий объем накоплений обеспечивается за счет пенсионных взносов и инвестиционного дохода. За первые два месяца 2026 года на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков поступило 571,83 млрд тенге взносов, что на 15,0% (или на 74 501,45 млрд тенге) больше, чем в январе-феврале прошлого года.

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала 2026 года на 1 марта 2026 г. поступило 446,35 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на 7,3%), ОППВ - 26,89 млрд тенге (рост на 20,0%), ДПВ - 347,0 млн тенге. Взносы за счет ОПВР за год составили 98,25 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, поступивший на счета вкладчиков с начала года, превысил 523,88 млрд тенге.

Выплаты и переводы.
Выплаты по всем видам взносов и переводы в страховые организации из ЕНПФ за январь-февраль 2026 года достигли 237,13 млрд тенге.

Объем выплат по возрасту составил 42,32 млрд тенге. Размер средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста - 38 735 тенге.

Единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение с начала 2026 года составили 86,26 млрд тенге, выплаты по наследству - 26,86 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК - 6,67 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью - 665,93 млн тенге, выплаты на погребение - 1,63 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма в размере 72,73 млрд тенге.

Количество ИПС.

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 марта 2026 года составило 18,39 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,03 млн единиц или 5,9%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 марта 2026 г. - 12,75 млн единиц, из них: 11,31 млн - по ОПВ, 771,33 тыс. - по ОППВ, 471,51 тыс. - по ДПВ. Отметим, что в общее количество счетов по учету ОПВ (11,31 млн единиц) также входят счета получателей, выехавших на ПМЖ за пределы страны, но не обратившихся за накоплениями, умерших вкладчиков, чьи наследники не оформили наследование пенсионных накоплений, военнослужащих, переведенных с 2016 года на полное государственное пенсионное обеспечение, и других категорий вкладчиков (получателей), на счета которых в соответствии с казахстанским законодательством взносы не должны поступать.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР, составило 5,64 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионному активу размещена на сайте enpf.kz в разделе «Статистика и аналитика».

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

«Жолаушылар кедендік декларациясын толтыру және жолаушылар кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтерді өзгертуге (толықтыруға) байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібіне өзгерістер енгізу туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Аққасының 2026 жылғы

17 наурыздағы № 34 Шешіміне сәйкес ІМЕІ жолаушылар кедендік декларациясында ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларына (смартфондар, ұялы байланыс желілеріне арналған телефон аппаратуралары және ұялы байланыс функциясы бар планшеттер) арналған кодтарды көрсетудің міндеттілігіне қатысты тармақтары оның ресми жарияланған күнінен бастап (19.03.2026 ж.) 30 күнтізбелік күн өткен соң. Яғни а.ж. 19 сәуірден бастап жеке тұлғалар жоғарыда аталған тауарларды әкелген кезде тиісті бағанда олардың ІМЕІ кодтарын көрсетуі қажет.

Мекенжай түрлерінің кодтарын көрсетуге қатысты шешімнің қалған тармақтары 2027 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер Департаменті.

Решением Коллегии Евразийской экономической комиссии от 17 марта 2026 года № 34 «О внесении изменений в Порядок заполнения пассажирской таможенной декларации и совершения таможенных операций, связанных с изменением (дополнением) сведений, заявленных в пассажирской таможенной декларации» внесены изменения, согласно которым **обязательно указание в пассажирской таможенной декларации ІМЕІ кодов для абонентских устройств сотовой связи** (смартфонов, телефонных аппаратов для сотовых сетей связи и планшетов с функцией сотовой связи), вступают в силу с истечением 30 календарных дней с даты его официального опубликования (19.03.2026 г.). То есть с 19 апреля т.г. при ввозе физическими лицами вышеуказанных товаров необходимо в соответствующей колонке указывать их ІМЕІ коды.

Остальные пункты Решения в отношении указания кодов видов адреса вступают в силу с 1 апреля 2027 года.

Департамент государственных
доходов по Кызылординской области.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА СУ ЖӘНЕ СУ БҰРУДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ТАРИФТЕРІ ТӨМЕНДЕДІ

Қызылорда облысында 2024 жылға арналған коммуналдық кәсіпорындардың тарифтік сметаларының орындалуына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тарифтерді төмендету бойынша шаралар қабылданды. Тексеруді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті жүргізді.

Талдау нәтижесінде бірқатар кәсіпорындар тарифтер құрамында көзделген кірістерді толық көлемде мақсатты түрде пайдаланбағаны анықталды. Осыған байланысты тұтынушыларға қаражатты қайтаруға және тарифтік саясаттың ашықтығын арттыруға бағытталған уақытша өтемдік тарифтер бекітілді.

Атап айтқанда, түзетулер Қызылорда қаласында қызмет көрсететін «Қызылорда су жүйесі» коммуналдық кәсіпорнына қатысты енгізілді. Департамент мәліметінше, су беру қызметі бойынша негізсіз алынған кіріс көлемі 49,3 млн теңгені құрады.

Аталған кәсіпорын үшін 2026 жылғы 1 мамырдан 2027 жылғы 30 сәуірге дейінгі кезеңге өтемдік тариф бекітілді. Су беру тарифі (тарату желілері арқылы) ҚҚС-сыз текше метріне 107,73 теңгені құрап, қолданыстағы (110,62 теңгеден) тарифтен 2,6%-ға төмендеді.

Едәуір төмендеу - 24,9%-ға дейін - Арал ауданының Сексеуіл кентінде қызмет көрсететін «Арал тазалығы» коммуналдық кәсіпорны бойынша тіркелді. Талдау қорытындысы бойынша сарқынды суларды бұру қызметі бойынша 3,1 млн теңге көлемінде негізсіз кіріс анықталды.

Осыған байланысты 2026 жылғы 1 сәуірден 2027 жылғы 31 наурызға дейін уақытша өтемдік тариф енгізіліп, бұрынғы 293,42 теңгенің орнына жаңа тариф ҚҚС-сыз текше метріне 220,17 теңгені құрады.

Сонымен қатар, талдау қорытындысына сәйкес «Жанакорган-Құрылыс-2010» ЖШС-нің негізсіз алынған табыс 10,9 млн теңгені құрап, сарқынды суды бұру қызметіне тариф 34,6%-ға дейін төмендеді.

Бұл ретте, 2026 жылғы 1 ақпаннан 2029 жылғы 31 қаңтарға дейін 1 текше метрге 49,91 теңге уақытша өтемдік тариф енгізілді (алдыңғы тариф 76,34 теңге).

Бұл бағыттағы жұмыс тарифтік қаражатты тиімсіз пайдалануға жол берген кәсіпорындарға қатысты тиісті шаралар қолдана отырып, жүйелі түрде жалғасатын

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
Министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің
Қызылорда облысы бойынша Департаменті.

СНИЖЕНЫ ДЕЙСТВУЮЩИЕ ТАРИФЫ НА ВОДУ И ВОДООТВЕДЕНИЕ В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В Кызылординской области по итогам анализа исполнения тарифных смет коммунальных предприятий за 2024 год приняты меры по снижению тарифов на услуги водоснабжения и водоотведения. Анализ провел Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области.

Анализ показал, что отдельные предприятия получили доходы, заложенные в тарифах, однако не в полной мере использовали их по целевому назначению. В связи с этим утверждены временные компенсирующие тарифы, направленные на возврат средств потребителям и повышение прозрачности тарифной политики.

В частности, корректировка затронула коммунальное предприятие «Кызылорда су жүйесі», оказывающее услуги в городе Кызылорда. По данным Департамента, сумма необоснованно полученного дохода по услугам подачи воды составила 49,3 млн тенге.

Для предприятия утверждён компенсирующий тариф на период с 1 мая 2026 года по 30 апреля 2027 года. Средний тариф на подачу воды по распределительным сетям составит 107,73 тенге за кубический метр без НДС, что на 2,6% ниже действующего уровня (110,62 тенге).

Более существенное снижение - до 24,9% - зафиксировано в отношении коммунального предприятия «Арал тазалығы», оказывающего услуги в посёлке Саксаул Аральского района. По итогам анализа выявлен необоснованный доход по услуге отвода сточных вод в размере 3,1 млн тенге.

В связи с этим с 1 апреля 2026 года по 31 марта 2027 года вводится временный компенсирующий тариф: стоимость услуги отвода сточных вод составит 220,17 тенге за кубический метр без НДС против прежних 293,42 тенге.

Также, по итогам результата анализа ТОО «Жанакорган-Курлыс-2010» сумма необоснованно полученного дохода составила 10,9 млн тенге. В связи с этим тариф на услуги по отводу сточных вод снижен на 34,6%.

С 1 февраля 2026 года по 31 января 2029 года стоимость среднего тарифа субъекта на услуги по отводу сточных вод составит 49,91 тенге за кубический метр без НДС (предыдущий тариф 76,34 тенге).

Работа в данном направлении будет продолжена на системном уровне с применением мер реагирования к предприятиям, допускающим неэффективное использование тарифных средств.

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Кызылординской области.

БОЛЕЕ 526 КМ ИРРИГАЦИОННЫХ КАНАЛОВ В КАЗАХСТАНЕ ПОДГОТОВИЛИ К ПОЛИВНОМУ ПЕРИОДУ

С начала года в целях подготовки к поливному сезону РГП «Казводхоз» провело механизированную очистку более 526 км ирригационных каналов, передает агентство Kazinform со ссылкой на Министерство водных ресурсов и ирригации.

Министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов провел аппаратное совещание по вопросам подготовки к вегетационному периоду. Из очищенных на сегодня каналов 355 км находятся в Туркестанской области, 40,5 км - в Кызылординской области, 41,9 км - в области Жетысу, 68,7 км - в Жамбылской области, 20,4 км - в Алматинской области в ведении филиала «Большой Алматинский канал им. Д.Конаева».

В общей сложности в текущем году планируется провести механизированную очистку 2211,8 км каналов в ведении десяти филиалов РГП «Казводхоз», включая Восточно-Казахстанский и Павлодарский филиалы, филиалы в областях Абай и Улытау, а также филиал «Канал им. К. Сатпаева».

ХИМИЯЛЫҚ УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі таңда тұрмыста химиялық заттарды қолдану күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Өртүрлі тазартқыш және жуғыш құралдар, ағартқыштар, аэрозольдер, желімдер мен бояулар үй шаруашылығында кеңінен пайдаланылады. Алайда бұл заттарды дұрыс қолданбау немесе қауіпсіздік талаптарын сақтамау химиялық улануға әкелуі мүмкін.

Химиялық улану - адам ағзасына улы заттардың түсуі нәтижесінде туындайтын қауіпті жағдай. Ол көбінесе химиялық заттардың буын тыныс алу арқылы жұтқанда, теріге немесе көзге тигенде, сондай-ақ кездейсоқ ішке қабылдағанда орын алады. Әсіресе



балалар үшін қауіп жоғары, себебі олар тұрмыстық химия құтыларын ойыншық немесе тағам деп қабылдап, пайдаланып қоюы мүмкін.

Улану белгілері қолданылған заттың түріне және ағзаға түсу жолына байланысты әртүрлі болады. Көбінесе бас ауруы, әлсіздік, бас айналу, жөтел, жүрек айну, тамақ пен көздің ашуы, іштің ауыруы сияқты белгілер байқалады. Ауыр жағдайларда есінен тану, тыныс алудың қиындауы, құрысулар орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда уақыт жоғалтпай, жедел әрекет ету өте маңызды.

Ең алдымен, зардап шегушіні қауіпті ортадан алыстатып, таза ауаға шығару немесе бөлмені желдету қажет. Егер химиялық зат теріге немесе көзге тиген болса, зақымданған аймақты көп мөлшерде таза сумен жақсылап шаю керек. Дәрігер кеңесінсіз зардап шеккен адамға тамақ, сусын немесе дәрі беруге болмайды. Сондай-ақ өздігінен құстыруға қатаң тыйым салынады, себебі бұл жағдайды одан әрі ушықтыруы мүмкін. Улануға күдік туған жағдайда дереу жедел жәрдем шақыртып, медициналық көмекке жүгіну қажет.

Көп жағдайда химиялық улану кездейсоқ емес, қауіпсіздік ережелерін сақтамаудың салдарынан орын алады. Сондықтан оның алдын алу үшін қарапайым, бірақ маңызды талаптарды сақтау қажет. Атап айтқанда, барлық химиялық заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау, оларды ешқашан тағам немесе сусын құтыларына құймау, қолданар алдында нұсқаулықпен мұқият танысу, сондай-ақ жұмыс барысында жеке қорғаныс құралдарын пайдалану қажет. Сонымен қатар әртүрлі химиялық заттарды араластыруға болмайды, өйткені бұл қауіпті химиялық реакцияларға әкелуі мүмкін.

Қорытындылай келе, химиялық заттарды қауіпсіз пайдалану - әр адамның күнделікті жауапкершілігі. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығы мен өмірін қорғауға болады.

А. ИДРИСОВА,
Қармақшы аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау Басқармасының басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Көктем айы басталған уақыттан бастап әр түрлі жәндіктерде тіршіліктері бастайды. Солардың ішінде кенелер - Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруын тасымалдаушылары болып табылады. Ауру қоздырғыш вирустарын сақтауда дала тышқандары, кірпі, торғайлардың ролі ерекше. Олар вирустарды қансорғыш кенелерге, ал кенелер басқа хайуанаттарға, олар қайта кенелерге, жұқтыратыны белгілі. Сөйтіп адамға бұл аурудың кенелер арқылы жұғатынын ғалымдар дәлелдеп берді. Кене адам денесіне жабысқаннан кейін қадалатын жер іздеп ұзақ уақыт жүреді. Содан соң шапқа, қолтық астына, мойынға, кеудеге қадалады.

Бір ерекшелігі адам кененің шаққанын сезбейді, себебі кене қадаланған жерін жаңысыздандыратын сұйықтық бөліп шығарады. Тек 2-3 күн өткеннен кейін ғана кене жабысқан жер қызарып ауыра бастайды. Инкубациялық (жасырын) кезең -14 күн. Вирус адам ағзасына енгеннен соң көпке дейін білінбей өсіп қан тамырларын зақымдайды.

Әр адамның ағзаларының ерекшелігіне байланысты аурудың жеңіл және ауыр түрі өтуі мүмкін. Кене шаққан жер ісініп ауруы, лимфа түйіндері үлкейіп, дене қызуы көтеріліп, адам ағзасының улану белгілері байқалады. Өрі қарай науқас дер кезінде медициналық көмек алмаса, ауру асқынып, қанның ұю қабілеті төмендеп, денеді бөртпелер, көгерулер пайда болып, қызыл иектен, мұрыннан, асқазаннан, әйелдерде жатырдан қан кетіп, науқастың жағдайы ауырлап, өлімге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Аурудың жұқтырылуы мүмкін жолдары:
1. Табиғи ошақта егіндікте, саяжайда демалған сәттерде вируспен зақымданған кененің шағуы немесе денеге жабысуы кезінде.
2. Кенелерді жалаң қолмен жұлып алып езу кезінде.
3. Мал қыркымы кезінде кенелерді езіп жіберу немесе қайшымен қып жібергенде.

4. Мал сою кезінде, оны жіліктегенде.
5. Далалық жағдайда жұмыс барысында абайсызда кененің биологиялық сұйықтығымен жанасқанда.

6. Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруымен ауырған науқасқа күтім жасағанда.

Конго Қырым геморагиялық қызбасы ауруын жұқтырмау үшін бірінші кезекте сақтық шараларын білген жөн.

- Табиғатқа барғанда кене адам денесіне еңбейтіндей шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, ұзын жеңді ашық түсті киім кию және кене үркітетін репеленттерді пайдаланған жөн.



- Киімге сондай-ақ өзіңе жабысқан кенені анықтау үшін үстіңді тексеру, қолыңыз жетпеген жерді, басқа біреудің қарауын өту.

- Малдарды сою, қырку, күту кезінде арнайы киімдерді кию, қолғаппен жұмыс жасау


- Егер дененізде кененің қадаланғанын байқасаңыз жалаңаш қолмен жұлып алмай арнайы құралмен немесе жіп орап алу арқылы алып, кене қадаланған орынды иод немесе спиртпен залалсыздандырып, міндетті түрде медициналық мекемелерге тексерілу қажеттігін назарда ұстаныңдар.

Аудан бойынша биылғы жылы 5 елді мекендер Конго - Қырым геморагиялық қызбасы ауруына қолайсыз болып есепке алынды.

Тереңөзек кенті, Қоғалықол, С.Сейфуллин, Қалжан ахун, А.Токмағанбетов ауылдары. Осыған орай, осы елді - мекендерде кенеге қарсы өңдеу жұмыстары сапалы жүргізу мақсатында кенеге қарсы өңдеу жұмысына дейін алдын - ала мал қораларды механикалық тазарту жұмыстарын ұйымдастыруларыңызды сұраймыз.

О.СӨРСЕМБАЙ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ



Адам папилломавирусы (АПВ) - тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі. Көптеген адамдарды АПВ алаңдатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе катерлі ісікке әкелуі мүмкін.

Жатыр мойны обырының дамуы әйелдің адам папилломавирусын жұқтыруымен байланысты, бұл туралы көптеген ғылыми дәлелдер бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, 95% - дан астам жағдайда жатыр мойны обырын (ЖМО) адам папилломавирусы (АПВ) тудырады. Жатыр мойны обырының 70%-ы АПВ-ның екі түрлі вирус штамдарынан туындайды.

АПВ бар әйелдерде жатыр мойны обырының даму ықтималдығы АПВ жоқ әйелдерге қарағанда 6 есе жоғары.

Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде ЖМО анықталады және одан 340 мың әйел қайтыс болады, ал Қазақстанда жатыр мойны

обырының 1600-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан 500-ден астам әйел қайтыс болады.

Қазақстанда жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі әйелдерде онкологиялық аурулардың таралуы бойынша екінші орында тұр.

Папиллома вирусы адамнан адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін.

Қазақстанда 2024 жылдың 3 тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарланып, жүргізілуде. Адам папилломавирусына (АПВ) қарсы Вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілді, вакцинация 11 жасары қыз балаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас ДДУ, онкологтардың ұсыныстарына сәйкес таңдалды, себебі 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, себебі тұрақты иммунитет қалыптасады.

Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді (соның ішінде Австралия, Бельгия, Канада, Германия, Жапония, Бразилия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швеция, Испания, Швейцария, Ұлыбритания және АҚШ). Орталық Азия елдері бойынша, көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан АПВ қарсы вакцинацияны енгізген.

Ең тиімді қорғану әдісі - вакцинация. Вакцинамен қорғануға болатын - жалғыз катерлі ісік түрі - бұл жатыр мойны обыры. Халықаралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында АПВ вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеген.

Г.ТУСМАҒАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының бас маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.



Отметим, что за последние 2,5 года усилиями РГП «Казводхоз» было очищено более 3,5 тыс. ирригационных каналов.

- Реализация данных мер позволит увеличить пропускную способность каналов и улучшить подачу воды на орошаемые земли. В работах задействована предоставленная Министерством водных ресурсов и ирригации спецтехника: 12 гусеничных экскаваторов, 39 колесных экскаваторов, 31 бульдозер и 79 погрузчиков. Обновление парка техники РГП «Казводхоз» позволило заметно ускорить работы по механизированной очистке каналов, - сообщил и. о. генерального директора РГП «Казводхоз» Ануар Усkenбаев.

Напомним, что в рамках модернизации водохозяйственной инфраструктуры в южных регионах страны начата автоматизация 103 ирригационных каналов общей протяженностью 968 км и орошаемой площадью 65 тыс. га.

По материалам Д.Жусупбековой, inform.kz,
фото: Министерство водных ресурсов и ирригации.

ТОО «СКЗ-У»: РЕЗУЛЬТАТЫ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ И УЧАСТИЕ В АКЦИИ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» В I КВАРТАЛЕ 2026 ГОДА



1. В соответствии со статьей 182 Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 400-VI ЗРК, план-графика и технического задания, на предприятии проведен контроль выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, исследования атмосферного воздуха населенных мест и рабочей зоны, мониторинг атмосферного воздуха на границе условной санитарно-защитной зоны предприятия,



производственно-экологический контроль состояния сточных, оборотно-производственных и грунтовых вод, уровня загрязнения земель, а также радиационный контроль.

Контрольные замеры загрязняющих веществ в атмосферу, были выполнены при стабильном режиме работы оборудования предприятия, на 10-ти стационарных источниках выбросов, в 6-ти точках рабочей зоны, в 4-х контрольных точках на границе условной санитарно-защитной зоны предприятия, а также в 2-х точках на границе жилой зоны поселка Кейден.

